

ЖАҢА КІТАПТАР

Николай Островский атындағы облыстық кітапхананың ауыл шаруашылық бөлімі «Қайнар» баспасынан шыққан жаңа кітаптармен толықтырылды. Бұл кітаптар негізінен ауыл шаруашылық мамандарына арналған.

1. Етті-сүтті жылқы шаруашылығы. Авторы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Балтабек Әкімбаев.

Соңғы жылдары республикамызда жылқы өсіру, оның өнімділігін арттыру, тұқымын асылдандыру шаралары жөнінде көптеген жұмыстар жүргізіліп отыр.

Автор бұл кітабында жылқыны бордақылау, жылқы шаруашылығында еңбекті ұйымдастыру, жылқы өнімдерін молайтып, сапасын жақсарту мәселелеріне тоқталып, талдау жасайды.

Мал гельминтоздары. Авторы мал дәрігерлігі ғылымдарының кандидаты К. М. Ерболатов.

Бұл кітапта республикамызда өсірілетін төрт түлік малда кездесетін гельминтоз (ішқұрт) аурулары және олармен күресудің, ауырған малды емдеудің жолдары, пайдаланылатын дәрілер туралы баяндалады.

Зооинженердің анықтамалығы. Авторы биология ғылымдарының кандидаты А. Р. Рүстенев.

Бұл анықтамалықта мал шаруашылығын жоспарлау және оның экономикасы, сүт және ет өндіру технологиясы, қой шаруашылығы мен өндірістік негіздегі құс шаруашы-

лығы өнімді өндіру, мал дәрігерлік-санитарлық шаралар жөнінде сөз болады.

Қой өнімдерінің қысқаша анықтамалығы. Авторлары ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты А. Қ. Құсайынов, зоотехник И. А. Нұров.

Ұсынылып отырған еңбекте шопандарға, қой шаруашылығының мамандарына қой малын бағып-күтудің әдістері, тұқым сапасын жақсартудың, малдан сапалы өнімді мол алудың жолдары туралы нақты ұсыныс, түсініктер беріледі. Қой шаруашылығында еңбекті, социалистік жарысты ұтымды ұйымдастыру жолдары көрсетіледі.

Қой шаруашылығы басшылары мен мамандарының және шопандардың күнделікті жұмысында қолданатын документтердің бекітілген нұсқалары да келтірілген.

Тол аурулары. Авторлары Е. Наурызбаев, Ә. Сұлтанбеков.

Бұл кітапта козы, бұзау, бота, құлын және құс баландарының аурулары, олардың алдын алу және емдеу жолдары сөз болады.

К. БАТТАЛОВА,

Н. Островский атындағы облыстық кітапхананың аға кітапханашысы.